

при изучение тем: «Система мира античных философов»; «Геоцентрическая и гелиоцентрическая системы строения мира»; «Антропный космологический принцип»; «Большой взрыв и расширяющаяся Вселенная»; «Космологические модели Вселенной»; «Происхождение и эволюция галактик и звезд»; «Происхождение планет Солнечной системы»; «Происхождение и эволюция Земли»; «Проблемы происхождения жизни во Вселенной»; «Проблемы поиска внеземных цивилизаций»; «Проблема связи с внеземными цивилизациями» и других, безусловно, видно большой мировоззренческий потенциал изучаемых вопросов.

Как известно, самыми древними формами мировоззрения являются мифология и религия, как особое отражение действительности, возникавшее в сознании первобытного человека, что привело к формированию его культуры.

Поэтому, при разъяснение вопросов мировоззренческого характера данного курса, было бы целесообразно в начале привести существующее варианты высказывания религиозного и мифологического содержания явлений и процессов исходя из древности и хронологической констатации. Затем с точки зрения научного диалектизма дать убедительное объяснение данных вопросов, с приведением доказательных научно установленных фактов и примеров. Безусловно, что сопоставление двух точек зрения без унижения друг друга, приведет к более ясному и твердому формированию мировоззренческих взглядов, чем голословное отрицание религиозных и теологических высказывания, что иногда приводит к разногласию и разочарованию студентов.

Прежде чем объяснять те или иные явления астрономического характера, необходим фактический материал. Его предоставляют наблюдения за звездным небом, движением Солнца, Луны, планет. Путь развития подлинной науки о Вселенной начинается с решения проблем перехода от видимого к истинному. Наблюдения играют важную роль в формировании астрономических знаний и научного мировоззрения. Объекты астрономических наблюдений доступны и увлекательны, сами наблюдения создают положительные мотивы в обучении. Наблюдения можно рассматривать как первый шаг к научному познанию окружающего мира. Непосредственное же формирование знаний о природе космических тел, о многообразных связях астрономических объектов должно происходить постепенно, по мере изучения необходимых для этого фактов [2].

Таким образом, исходя из основных положений диалектического развития природы и общества, приведенных наблюдательных фактов и доказательств, а также сопоставляя имеющихся взглядов и мнений, можно сформировать действительную картину мира и происходящих в нем процессов, что позволяет эффективно и всесторонне развивать мировоззренческую позицию студентов.

Литературы:

1. Карпенков С.Х. Концепции современного естествознания: - М, Академический проспект, 2006. - 626
2. Бобоев Х. Мир астрономии и энциклопедия космоса. (на тадж.яз.): - Душанбе, Маориф, 2010, 181с.
3. Бобоев Х. Астрономия и вопросы мировоззрения: - К: КГПИ.1999., 71.с

ӨНЕРТАНЫМДЫҚ БІЛІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Бодиков С.Ж., аға оқытушы; Балабеков Қ.А., аға оқытушы;
Кошқумбаев К.Т., п.ғ.к., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада көркем шығармашылықтың дамуының кезеңді мәселелері өнертанымдық тұрғыдан сарапталып, талданған. Оларды қолдануға нұсқаулар берілген.

Кілтті сөздер: өнер, шығармашылық, жобалау, өнертану, зерттеу, көркем мәдениет, іс-әрекет, өнер тарихы, жанр:

Өнертану тұрғысынан алғанда осы мәселе Қазақстан бейнелеу өнерінің сараланбаған, талданбаған, алар орыны ғылыми айқындалмаған мәдениет ошақтарына назар аударып, арнайы зерттеудің қажеттілігі ерекше зор. Осы орайда біз мақалаға еліміздің көркем мәдениетіне елеулі үлес қосқан бейнелеу өнерінің қалыптасу процесін өзек етіп алып отырмыз.

Көркем өнер тарихын сөз етпес бұрын суретшілер шығармашылық жолын бастаған, өмір сүрген кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайын шолып өткен жөн. Өйткені мәдени өмірдің қай саласында

болмасын өрлеу немесе дағдарыс өнер адамының өмірін зерттеуде оның шығармашылығына, өнеріне сондай-ақ оны қоршаған ортаның сол кездегі саяси-әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктеріне назар аударуды талап етеді. Мұнда өнер адамының шығармашылығында табысты нәтижені қамтамасыз ететін факторлар: өнер адамының рухани әлемінің ерекшеліктері, оның іс-әрекетінің қандай уақытта, қандай жағдайда өрбіп отырғанын ескермесе, оған сындарлы сын айтып немесе талдау жасау мүмкін емес [1].

Қазақстанның аймақтарында бейнелеу өнерінің жанрлық сипаты, туындылар құрылысы, орындалу ерекшеліктері бұдан бұрын тілге тиек болып немесе тек белгілі бір туындыға талдау берумен шектеліп келді. Алайда оның елеулі, мейлінше мәнді екінші қыры анда-санда сөз етілгенімен назардан тыс қалғандай. Ол көркем мәдениеттің дамуының саяси жүйе жағдайымен шендестіре қарау мәселесі.

Көркем мәдениетті тарихи зерттеу шығармашылықтың дамуының өзіндік тоталитаристік сананың қалыптасуымен қатар андеграундтық спецификалық ахуалы болғанын көрсетеді. Өнерге технократтық көзқарастың кері әсері, жұртшылықтың көпшілігінің көркем мәдениетті қабылдай қоймауы, эстетикалық сауатсыздық, суретшілердің және басқада өнер иелерінің тоталитарлық жүйеден рухани қысымшылық көруі осыған дәлел.

Шығармашылық сол кездегі саясаттың идеялогиялық шеңберінде болып, күшпен таңылған шығармашылық әдіс көркем мәдениетте кері әсерін тигізді. Ресми өнер, өнерде жана форма идеяға қол байлау болып қана қоймай, оның тақырыптық мазмұнын анықтап отырды. Көркем мәдениетте, оның ішінде қазақ әдебиеті мен өнерінде шығармалар таптық немесе партиялық көзқарас арқылы танылып, көркемдік шынайылыққа жету жолын қиындатты. Өнердегі идеялогиялық қыспақ, ресми көркемдік кеңестердің бақылауы көркем шығармашылықтағы ой алуандығына кедергі болды. Бірақ, шын көркемділік, шын өнер шығармасы өміршеңділігімен уақыт өткен сайын көкейкестілігі ашыла түседі. Өйткені ол кезінде өзекті өнер болмағанымен уақыт сарабынан, замана бойындағы әр түрлі әлеуметтік топтардың ой елегінен өтіп өзінің өміршеңдігін дәлелдейді [2].

Суретшілер көрмеге сол кездегі идеология талап тілегіне сай сол идеология шеңберінде тәрбиеленген көрермендер талғамына жауап беретін яғни, әлеуметтік тапсырыс негізінде орындалған шығармалар ұсынғанмен, ал өз шеберханаларында талғам-түйсігіне, қарай шын сана-сезімінен туған туындыларды дүниеге әкелді. Міне, осы шығармалар ресми мәдениетке қарама-қайшы өнер негізін құрады. Осы қос мәдениеттілік құбылысы қоғамдағы қарама-қайшылықтың бар екенін дәлелдеп отырды. Бұл өнер адамының тоталитаризм жағдайындағы көркем мәдениеттің рухани бостандыққа, шығармашылықтағы тәуелсіздікке, еркіндікке ұмтылуынан туындады. Өйткені қандайда көркем шығармашылық адамға максималды түрде бостандық береді, мұндайда белгілі бір шектеу шеңберінің болуы мүмкін. Шеңбер объективті түрде жеткізу құралдарымен: дыбыспен, бояумен, формамен қозғалысымен, салмақпен табиғатына қарай тұжырымдалады. Сөйтіп, өзінің ой-пікірін мақсаттарымен, құндылықтарын объективті ортаның мүмкіншілік беруіне қарай шамада, формада іске асырады.

Көркемдік бейне жасауда шабыт күшімен бірден әртүрлі жолдар белгіленіп отыр. Өнерге қарама-қарсы бірінші жоспарға бейнелеудің тікелей нақтылығы қойылып отыр, өнерде дерексіз ұғымды деректі, нақты бейнелер арқылы көрсету – Еңбек және Адам үлкен әріппен бейнеленген сияқты ойдың қорытындысы басым шығармалар пайда болды.

Монументтік-қорытындыланған сөзге көңіл қою бейненің символикалық түсіндірілуіне үнемі және міндетті түрде келтірілмеді: суретшілердің даралығы және бейнелеу тақырыбының өмірлік материалы әртүрлі болды.

Әртүрлі қырлар мен реңктерде әртүрлі көтеріңкі-жинақталған ойларға ұмтылыс кеңінен таралған және бүтіндей табиғи негізде дамыған. Бұл негіз – толқытқан, эстетикалық үлгіде рухтандыратын замандастың ұждандық қасиеті, тұтынушылық. Осыдан адамның күнделікті өмірдегі еңбегі бағаланып, көтермелеуге қажеттілік туындады, күнделікті өмірдегі осындай адамдар мен жағдайларды көру керек, көрсету керек, адамның барлық еңбек жылдарында іске асырылады [3].

Бейнелердің ұқсас жүйесінде – композициялық шешімі бойынша қабылдайтын қуанышты, монументтік лирикалық-эпикалық, мағынасы бойынша көлемді, бірақ өнер шығармасындағы негізгі оқиғалардың тізбегі, ондағы оқиғалардың өзегі бойынша жеткіліксіздігі-өте көп бейнеленіп көрсетілді.

Бірінші кезекте – адамның сана-сезімі, еркін еңбек үшін болмайтын қиындықтар басым болды. Бұл женушінің сана-сезімі және өзін танытуы, туда – бейбітшілік, еңбек, бақыт деп жазулы және әртүрлі күшпен көтеріңкі, «жабайы» ырғағы естілетін картинада іске асырылды.

Бүгінгі таңда біздің еліміздің өркениетті қоғамында қалыптасқан экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларға байланысты өнертану мамандарының атқаратын кәсіби қызметі жоғары дәрежеде бағаланады.

Болашақ кәсіби іс-әрекетіне қарай өнертану мамандары болашақта өнер саласындағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, өнертанушы, сыншы және өнертану тарихын зерттейтін маман ретінде қызмет атқара алады. Олай болса, болашақ өнертану мамандығына кәсіби білім беру мазмұнында өркениетті әлемдік көркем мәдениет аясындағы қазақ халқының өнер тәлімдерінің тәжірибесін меңгертуге, оның даму жолдарын көрсететін өнер түрлерінің тарихынан жүйеге келтірілген білім беруге, олардың кәсіпкерлік қабілетін, өнертанушылық, ғылыми-шығармашылық, ғылыми-педагогикалық, жалпы өнертанушылық-әдістемелік біліктілігін жетілдіруге бағыттауымыз қажет.

Осыған орай, әрбір болашақ өнертану мамандарының кәсіби біліктілігін қалыптастыруда өнер салаларының дамуындағы басты ағымдарды бағдарлай білуге үйренуін, білім беру үдерісінде ұсынылған оқу кешендерінің өзара байланысы мен жүйелілігін, білімнің ақпараттық бірізділігін сақтап, оларды кәсіби қарым-қатынас жасауда тиімді пайдалану арқылы өз нәтижесін беретінін айқындадық.

Өнертану мамандарының кәсіби даярлығын жетілдіруде білімділік, тәрбиелілік және дамытушылық қызметтерін жүзеге асыру мақсатында кәсіби оқу материалдарында негізгі үш құрамдас топтарға бөліп қарастырған жөн:

- кәсіби салада шығармашылық, ұйымдастырушылық және ізденіс жұмыстарының теориялық негіздерін айқындау құзыреттілігін қалыптастыру үшін;

- қолданбалы, яғни өнертанушылық, психологиялық-педагогикалық, шығармашылық, қарым-қатынас, технологиялық, әдістемелік кәсіби білімі мен біліктілігін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін;

- өз бетінше білім деңгейін тереңдетуге қажетті ғылыми-ізденушілік қабілетін дамытып, кәсіби шығармашылық білімін жетілдіру бағытында өнертану мамандарының кәсіби деңгейінің сапасын арттыру үшін.

Өнертану мамандарының кәсіби білім беру мазмұнының барлық құрамдарының өзара байланысы мен өзара келісімін қамтамасыз ететін білім беру үдерісінде оқу материалының тақырыптық мазмұндамасының ұстанымдарын жүзеге асыру қажет деп есептейміз.

Осыған байланысты, оқу-әдістемелік кешендерді ғылыми тұрғыдан жасақтап, болашақ өнертану мамандарының шығармашылық, интеллектуалдық, эстетикалық, қарым-қатынас, технологиялық мәдениетінің даму үндестігіне бағдарлау арқылы жүзеге асыру қажет. Оны жүзеге асыруда кәсіби білім беру мазмұнының барлық құрамдарының өзара байланысы және өзара келісімінің педагогикалық жүйесіндегі бірізділігін жан-жақты зерттеу қажет. Ал бұл талаптар өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесінде олардың кәсіби шығармашылығын жетілдіруге бағдарланған бүгінгі қоғам сұраныстырына сәйкес кәсіби, базалық және әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің интегративті байланысын қарастыруда кәсіби оқу материалдарын іріктеу мәселесіне байланысты жаңаша әдіснамалық, әдістемелік көзқарастарды енгізу қажеттігін дәлелдейді.

Осы пікірімізге сәйкес, кәсіби білім беру үдерісінің мазмұнын іріктеуде, әсіресе, болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда кәсіби базалық және әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің мазмұндық, сапалық ерекшеліктері ескерілді. Сонымен қатар, өнертану мамандарына арналып жасалған оқу-әдістемелік кешендері арнайы бағдарланған кәсіби даярлау жүйесін жетілдіруге негізделіп отырды. Сондай-ақ, студенттермен жүргізілетін түрлі кәсіби байқауларға қатынасуда өзінің шығармашылық деңгейін өрістетуге, лекция-концерт жүргізу, көркемсурет салондарында өнер шеберлері туындыларының маңыздылығын, құндылығын өнертанушы ретінде бейнелеу, мәдени орталықтарында концерттік бағдарламалар мен байқауларды ұйымдастыруда олардың кәсіби белсенділігімен қатар басқа да кәсіби қабілеттерінің арта түскені байқалады.

Ол үшін кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту мазмұнында мына төмендегідей өзекті теориялық, әдіснамалық және әдістемелік мәселелердің шешімі іздестірілді: кәсіби іс-әрекетті жемісті атқаруға қажетті білім беру мазмұнын мақсатқа сәйкес таңдау; мақсаттылық іргелі және қолданбалы, кәсіби даярлаудың көлемі мен мазмұнының сәйкестігі және мақсатқа сай үйлесімділігін анықтау.

Біздің пікірімізше, өнертану мамандарын кәсіби даярлау жүйесінде мақсаттылық және қызметтік іс-әрекеттер болашақ маманның іргелі кәсіби білім алып, кәсіби шығармашылығын жетілдіруге септігін тигізеді.

Сонымен бірге, біз анықтаған болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері өнер тарихын зерделеуде, өнер саласы бойынша ғылыми-шығармашылық, зерттеу жұмыстарына белсенділік танытуда, өнертанушылық білімін дамытуда, кәсіби ойлауы мен шығармашылық іс-әрекетін жетілдіруде төмендегідей мәселелерді қарастыруды қамтуы тиіс:

- өнерге деген кәсіби сүйіспеншілігін арттыру;
- қазақ өнерінің тарихи генезисін бір жүйемен оқыту;
- әлемдік өнер туындыларының озық тәжірибесін бағалай білу;
- әлемнің ғылыми және философиялық тұжырымдамаларының ерекшеліктерін түсінуге баулу;
- қоршаған ортадағы әсемдік пен сұлулықты шынайы қабылдау;
- өнер туындыларын жүйелі қабылдаудағы адам білімінің жан-жақтылық ерекшеліктерін білуге дағдыландыру;
- ұлттық мазмұнда орындалған төлтума өнер туындыларын кәсіби шеберлік, шығармашылық сыни көзқараспен талдау жүргізуге бейімдеу;
- кәсіби өнер шеберлерінің құнды еңбектерін біліктілікпен өнертанушылық, философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан бағалай білуге баулу.

Сондай-ақ, өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың тарихи-педагогикалық негіздерін айқындауда өнердің даму генезисі диссертацияда толық мазмұндалғандықтан, өнер ұғымы түсінігіне қысқаша шолу жасауды жөн деп есептейміз.

Өнердің бұл бүкіл әлемдік-тарихи мақсаты адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін қажеттілігі мен құндылығын қамтамасыз ететін оның көп қызметтілігін білдіреді. Дамыған қоғамдық жүйелерде өнер – бұл таным. Өнердің тәрбиелік мүмкіндіктерін педагогика ғылымы зерттейді. Сонымен бірге өнер – тіл және ақпарат құралы. Өнер адамның көркемдік, шығармашылық іс-әрекетінің формасы ретінде әрбір әрекетті ерекше үлгілейді.

Өнер туындыларын қабылдау мен көркем шығармашылық үдерісінде халқымыздың болмыс-бітімі, асыл дәстүрі, өнердегі мұралары – ұлттық мәдениетіміздің айнасы. Олай болса, өнертанушы мұраты – адамзат қоғамның қай белестері болса да халықтың ғажайып өнер төлтумаларын дәріптеп, өнерге өмірін арнаған ата-бабалар тағдырын үлгі етіп, әр заман тұсындағы өнер тұлғаларының өмір тынысын бағалай біліп, келер ұрпаққа олардың өмірінің тәрбиелік мәнін, ақпараттық, танымдық орнын, тәжірибелік маңыздылығын таныту, сол арқылы әр адамның сезімін байыту. Сонымен қатар, өнердің ерекшелігін, дәстүрін, тілін түсіне білуге баулу [4].

Өнер адамның нақты өмірлік тәжірибесін тереңдетуге, кеңейтуге, түсіне білуге баулиды. Ол – адам өмірінің бейнелік үлгісі. Өнер дара тұлғаны жан-жақты қырынан, толымды бейне етіп мүсіндейді, оның өмірлік бейнесін және көркемдік сүзгіден қайта өткізіп, адамға әсер етерліктей ерекше қалыпта алға тартады, үндестік табады. Көркем шығармашылықта диалектикалық өзара әрекет барысында бейнелік ойлаудың құрылымын айқындайтын ұлттық сипат, адамзатқа тән әлеуметтік бастаулар қиылысады.

Сонымен, өнер қоғамдық болмысты бейнелеудің белгілі бір формасы ретінде қоғамның рухани өмірінің айнасы, эстетика мен техника, мәдениеттану, мораль мен этика сынды салаларымен белгілі дәрежеде байланысты дамып келеді. Өнертану ғылымы дербес ғылым ретінде өнер тарихына байланысты құнды деректер жинақтап, оны өңдеу, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және қорытындылар жасауға үлкен ғылыми-шығармашылық істер атқарады.

Демек, болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда арнайы жүйелі кәсіби білім беру мазмұнын жоспарлауда, мақсатты-бағдарламалық әдісін

жасақтау негізінде педагогикалық жүйенің негізгі сипаттары болып табылатын құраушылық, құрылымдылық, міндеттілік, интегративтік әдістерінің де өзара байланыста жүргізілгендігі біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негіздерін нығайта түседі. Ал, бұлар болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың әдіснамалық және тарихи-педагогикалық негіздеріне жеткілікті дәлел бола алды.

Олай болса, бейнелеу өнерінің даму тарихының көптеген аспектілерін қарастыра отырып, өнертану мамандарын кәсіби даярлау үдерісінде инновациялық білім беру әдіс-тәсілдерін енгізу жолдарын іздестіру қажет. Ол үшін кең көлемдегі арнайы зертханалар, үлкен қоры бар оқу, оқу-әдістемелік құралдар жинақталған ғылыми, шығармашылық орталықтар, заман талабына сай ақпараттық технологиялар жабдықтары болуы талап етіледі.

Сондықтан да, болашақ өнертану мамандарының ғылыми-тәжірибелік, кәсіби іскерлігін жетілдіруде кәсіби пәндер мен әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің өнертану саласындағы ұлттық мақсаттарын нақтылау қажет.

Әдебиеттер:

1. Актуально об актуальном . Сб.ст. Алматы, 2000.
2. Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері / Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары Алматы: «Үш қиян» басп. 2003.
3. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Алматы, 2002.
4. Муратбаева Г.А. Болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда әлеуметтік-гуманитарлық пәндерінің мазмұны. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Жания-Полиграф, 2005.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӨНЕР ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР МАҢЫЗЫ

Бодиков С.Ж., аға оқытушы*; Аманжолов С. Ә., п.ғ.д., профессор**
*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

**Мәскеу мемлекеттік облыстық университеті,
Мәскеу қ., Ресей Федерациясы

В статье рассматриваются проблемы изучения дисциплины в высших учебных заведениях по истории изобразительного искусства и формирование творческих качеств студентов вузов тюркоязычных государств. Выявлены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и систематизированы содержание обучения в процессе высшего образования. Проанализированы эффективность модели совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и обоснованы критерий, показатели и уровни взаимосвязи вузов Турций и Казахстана. Выявлены педагогические условия повышения эффективности развития творческого потенциала будущих специалистов в системе высшего образования.

Кілт сөздер: түрік тілдес, дизайн, өнер, шығармашылық, дүниежүзілік байланыс, ортақ өнер бағдарламасы, студент, халықтар мәдениеті.

Арғы тарихтың бедерінде күллі әлемге із қалдырған түркі дүниесінің бүгінгі күні де дүниежүзілік өркениетте ерекше орны бар екені белгілі. Жалауын жоғары ұстап, намысын ешкімге тапталпаған ежелгі түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары бір-бірімен рухани туыстық қарым - қатынасты жақсы жолға қойған. Түп негізі бір, тілегі ортақ, түркі жұртын тек бір-бірін қиналмай ұғысатын тіл ғана жақындастырып қоймайды, олардың етене араласуына бастау-негізі тамырлас өнердің де ықпалы аз болмайды. Түркі өнері - түркілік рухты қозғайтын айрықша құбылыс [1].

Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралғаны тарихтан белгілі. Кең байтақ өлкеде көшіп-қонған олар оңтүстік шығысында қытайлармен, солтүстік-батысында славяндармен, ал оңтүстігінде парсылармен шектесіп, олардың отырықшы мәдениетінің арқасында арасында дәнекер бола отырып, жан-жақты өркендей бастады [2].

Түркілер әлем мәдениетін сусындатып, өз тілдерін, өз елдігін сақтады. Түркілердің ішінде өзбек, түрік, азербайжан, түрікмен, қырғыз және қазақ сияқты ірі халықтар мен бірге ұсақ ұлыстар да болды. Орта Азия халықтарының көп ғасырлық дамыған мәдениеті XIV-ғасырдың екінші жартысынан баста қайтадан өрлей бастады. Мәдениетімізді дамытудағы жаңа өрлеуге жағдайлар жасалды. Олардың тарихи тағдыры мен мәдениеті өз ұлттарына қарай әр түрлі қалыптасты.

Қазақ халқының мәдениеті - ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заман талабына сай дамып, қалыптасып келеді.

Адамзат адамзат болып жаралғаннан бері, бірі қанап, бірі қаналғаннан бері одан кейін де ұлт, халық, ел саналғалы бері қаншама мыңдаған жылдар өтіп келеді. Ұлы мекен түркі тілдес халықтар достығы арасында міне бүгінгі таңда яғни ХХІ-ғасырға аман-есен жетіп ауызбірлік, ынтымақтастыққа келіп отырмыз [3].

Әлемдік өркениетте айшықты қолтаңбасы бар түркі дүниесін руханият саласындағы қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі арқылы да танимыз.

Осыған орай айта кетсек, 2011 жылдың қазан айында Түркияның астанасы Анкарада Гази университетінің 85-жылдығына және Түрік республикаларының тәуелсіздік алғандарының 20 жылдығына орай «Түрік дүниесі» атты түркітілдес халықтары мемлекеттерінің жоғарғы оқу орындарының өнер факультеттері басшыларының симпозиум жиналысы болып өтті. Осы басқосуға,